

Жоспары:

- АҚШ жоғары технологиялы экономикасы дамыған мемлекет ретінде әлемдегі рөлі.
- АҚШ-тың бюджет құрылымының негізгі принциптері мен бюджеттік процесс.

АҚШ жоғары технологиялы экономикасы дамыған мемлекет ретінде әлемдегі рөлі

АҚШ экономикасы дамыған ұлы держава ретінде әлемге танымал мемлекет. ЖІӨ бір адам басына шаққанда 36200 долларды құрайды. АҚШ әлем бойынша мұнай, табиғи газ, тас көмір өндіруден бірінші орында. Автомобиль өндірісі, ғарыш техникасы сияқты салалардан да әлем бойынша алдыңғы қатарда. Өнеркәсіп өндірісінің мына салалары кеңінен дамыған: тігін тігу, теріден аяқкиім жасау, тамақ, темекі, орман және қағаз. Ауыл шаруашылығы болса, жоғары деңгейде механикаландырылған, әлем бойынша: жүгері, бидай, мақта, темекі жинаудан алдыңғы қатарда.



- Экспорт бойынша мына мемлекеттермен қарым-қатынаста: Канада, Мексика, Жапония, Ұлыбритания, Германия, Франция және Нидерландия.
- Импорт бойыншада осы мемлекеттермен экономикалы қарым-қатынастарын жалғастыруда: Канада, Мексика, Жапония, Қытай, Германия, Ұлыбритания және Тайвань.
- Жалпы АҚШ-тың макроэкономикалық көрсеткіштеріне тоқталатын болсақ, соңғы статистикалық мәліметтерге сәйкес: халықтың саны 279млн-ға жуық, халықтың өсу динамикасы – 0,9%, ЖІӨ – 9,963трлн доллар, кедейшілік ішінде өмір сүріп жатқан адм халықтың – 12,7% - құрайды. Еңбекке жарамды халықтың саны- 140,9млн адам, жұмыссыздық деңгейі – 4%. Кірістер бөлігі шығыстар бөлігінен басымдау дәрежеде. 2002 жылы кірістер бөлімі - 1,828 трлн долларды құраса, ал шығыстар бөлімі – 1,703 трлн доллар болды.
- Ал экспорт пен импорт көрінісіне келетін болсақ: экспорты – 776 млрд доллар, импорты – 1,223млрд доллар. Алық жылы және қаржылық жылы 1 қазаннан басталады.



АҚШ

АҚШ-тың бюджет құрылымының негізгі принциптері мен бюджеттік процесс

АҚШ-тың бюджеттік құрылымының негізгі Ата заңға (Конституцияға) сәйкес өңделеді. Ата заңға Конгреске бюджетті қалыптастыруға құқық беретін арнайы ереже қарастырылған. Негізгі заңға сәйкес Конгресс салықтарды бекіту мен алу, әкімшіліктің қаржы жағдайын қадағалауға, реттеуге құқылы, сонымен қатар Конгрестік екі палатасы да бюджет саясатын даярлауға жауапты.

Жалпы АҚШ-тың бюджет процесі тарихы үш негізгі кезеңнен өткен:

- 1) 1921 жылға дейін;
- 2) 1921 жылдан 1976 жылға дейін;
- 3) және 1976 жылдан бері.

- 1921 жылға дейін АҚШ-тың барлық атқарушы билік органдары өздерінің жеке бюджеттік сұрауларын тікелей конгреске жолдап отыратын. Осы уақатқа дейін АҚШ-та бірыңғай федералды бюджет болмаған. Тек 1921 жылы алғаш рет қабылданған «есеп беру және бюджет туралы» американдық жиынтық заңға сәйкес бюджет реформасының бағыты анықталып, конгресс бюджеті алғаш рет президент қарауына ұсынды. Осылайша америка президенті атқарушы билік басында бола тұра федералды бюджетті өңдеу мен (даярлау) оның орындалуына жауапты болып бекітілді. Осы мақсатпен оған 1921 жылы бюджет бюросы (болашақта әкімшілік-бюджеттік басқарма) қаржы министрлігіндегі жеке дара өз бетінше бөлім ретінде қарауына өтті.
- Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, әсіресе 60-жылдары федералды бюджет ауқымы бірден жоғарылап кетті, үкіметтің ұзақ мерзімді қаржылық бағдарламалар тенденциясы арта түсті. Бюджеттік қаржыландырудың тиімді бағытын қарастырудың жаңа деңгейін іздестіру қажеттілігі туындай бастады. Нәтижесінде бюджет бюросының орнына 1970 жылы ӘББ (әкімшілік-бюджеттік басқармасы) құрылды, бюджеттік процесті орталықтандыру арттырыла түсті, келесі кезекте бюджет тұжырымдамасын президент, ӘББ-директоры, қаржы министрлігінің қатынасуымен, экономикалық кеңес төрағаларымен және федералды резерв жүйесінің басқару кеңесімен ақылдаса, кеңесе отырып даярланатын болды.
- 1976 жылдың 1 қазанынан бастап «бюджет үстінен бақылау туралы», 1974 жылы конгресс қабылдаған заң күшіне енді. Бұл заңға сәйкес АҚШ-тың конгресінде орталық бюджеттің қаралу және бекітілу тәртібіне біршама өзгерістер негізілді.
- Осылайша бірнеше тарихи даму кезеңдерді өткізе отырып, бүгінде АҚШ-тың бюджет құрылымы өзіне тән ерекшеліктеріне ие.



□ Жалпы Р.Рейган ұсынған америка экономикасын сауықтыру бағдарламасы төмендегідей бағыттардан тұрады:

- корпорациялық және жеке табыс салықтарын төмендету;
- әлеуметтік бағдарламаларды қысқарту арқылы үкімет шығындарын азайту;
- кәсіпкерлік саланы қайта реттеу;
- инфляцияны бддырмауға бағытталған қатаң ақша-несие саясатын жүргізу.

Рейган саясатының алғашқы қадамы – салықтарды төмендетумен байланысты. Конгресс табыс салықтарын 25% төмендету және әлеуметтік қызмет көрсетулер бойынша федералды шығыстарды азайту туралы заң қабылдады.

Әлеуметтік саясат саласында «жаңа федералды» бағдарламасы пайда болды. Бұл бағдарламаға сәйкес федералдық, штаттық және жергілікті билік органдарының функциялары бөлінді. АҚШ үкіметі екі бірдей қайырымдылық бағдарламасының орындалуына жауапты болып бекітілді, олар мынадай бағдарлама: көп балалы отбасыларға жәрдем және тамаққа берілетін талон. Рейган билігінің алғашқы мерзімі аяқталар шақта инфляция 4% дейін төмендеді. Жұмыссыздық деңгейі 8% төмендеді. Дегенмен салықтардың төмендеуі экономикаға құйылатын инвестиция көлемін өсірді деген болжам ақтала қоймады. Сонымен қатар мемлекеттік бюджеттің тапшылығы өсе түсіп, әскери мақсаттағы шығындар мен елдің төлем балансының жоғарылауы нәтижесінде тапшылық 100 млрд доллар көлеміне дейін жетті. Жалпы Рейган саясатының негізгі мақсаттары – федералды үкімет саласында, әсіресе әлеуметтік мәселелер бойынша шараларды қысқарту, табыс салықтарын азайту, қарулы күштер қуатын өсіру. Рейган өзінің бір сөзінде «Біздің әкімшіліктің негізгі мақсаты – Америкаға жаңа жетістіктер, ал азаматтарына жаңа мүмкіндіктер туғызуды қамтамасыз ету. Бұл мақсаттарға жетудің тәсілі біреу ғана: жеке басқа бостандық, нарықты бақылаудан босату, үкімет билігіне шектеу қою», - деп айтты.



- Қорыта келе Рейган және оның әкімшілігі экономикалық саясатты жүргізу нәтижелері екі жақты деуге болады, олар: оң және теріс нәтижелер. Оң нәтижелері – инфляция шегерілді; экономика қарқынды өсті, жұмыссыздық деңгейі төмендеді; жаңа жұмыс орындары пайда болды. Теріс нәтижелері – федералды бюджет тапшылығы өсті, бюджет тапшылығы салдарынан мемлекеттік қарыз өсті, ақша-несие саясатына кері әсер етіп, доллар бағамы жоғарылап кетті, АҚШ-тың сыртқы балансы бұзылды, осылайша АҚШ қарызы бар мемлекеттер қатарына қосылды. 80-ші жылдардың аяғына таяу АҚШ экономикасы бәсең ырғақпен қозғала бастады. 1989-1992 жылдары ЖІӨ-ң орташа жылдық өсімі небәрі 1%-ті құрады.

Биілік басына Р.Рейганнан кейін келген Дж. Буш Рейган саясатының қағидаларын қолдай отырып жалғастыра бастады. 90-шы жылдардың өзекті мәселесіне айналған бюджет тапшылығы жан-жақты жана шешімдермен тоқыраудан шығудың жаңа жолдарын қажетсіне бастады. Нәтижесінде 1992 жылы Дж. Буш президент тағым демократ Б.Клинтонға ұсынды.